

ISTE білім беру технологиясы

Нагметов Алиби Кайратович

Информатика, магистрант 1 курс

Оқу орны: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор Нурбекова Жанат Кунапиановна

Кіріспе

Білім беру - өркениетті саяси әлеуметтенудің қозғаушы күші. Еліміздің білім беру жүйесінде жаңа технологиялардың біршама қатары өсіп келеді. Бұл білім саласындағы жан-жақты ізденістің өркен жайып, үлкен шығармашылық ізденіске ұласу бағытын көрсетеді. Білім беру саласындағы жаңа технологияларға негізделген өзгерістер, жаңалықтар оқыту мен тәрбиелеу ісін, ізгілендіру, демократияландыру, ұлттық ерекшеліктерді ескеру, даралап, саралап оқыту педагог қауымның басты міндетіне айналуға. XX ғасырдың 80-жылдары Ресейде жаңашыл - мұғалімдер топтары қалыптасады, олардың әрқайсысы баланы оқыту, тәрбиелеу және дамытуда өзіндік жаңалықтары болады, олар ең жоғарғы нәтижелер береді. Сонымен бірге олардың жалпы ортақ белгілері болады. Мектеп оқушысының оқу жұмысы тәсілдерін жеңілдету және жандандыру, танымдық іс-әрекеті үлкен блоктар арқылы материалдарды оқу және т.б. аса айрықша көрсететін жаңашыл педагогтардың мұғалімдер позициясын бағытын авторитарлықтан демократиялыққа ізгілік бағытқа ауыстыруға деген ұмтылушылықты айтуға болады, бұл жаңа педагогикалық ынтымақтастық деген бағытқа орын берді.

Аннотация

Образование - движущая сила цивилизованной политической социализации. В системе образования страны растет ряд новых технологий. Это показывает направление всестороннего поиска в области знаний, перехода к большому творческому поиску. Преобразования, новшества, основанные на новых технологиях в сфере образования, гуманизация, демократизация, учет национальных особенностей, индивидуализация и дифференциация становятся главной задачей педагогического сообщества. В 80-е годы XX века в России формируются группы педагогов - новаторов, каждая из которых имеет свои открытия в обучении, воспитании и развитии ребенка, которые дают наивысшие результаты. При этом они имеют общие черты. Можно констатировать стремление педагогов-новаторов к переходу направления учительской позиции от авторитарного к демократичному к гуманному, что особенно подчеркивает упрощение и

активизацию способов учебной работы школьника, чтение материала через большие блоки познавательной деятельности и т.д., что дало место новому направлению педагогического сотрудничества.

ABSTRACT

Education is the driving force of civilized political socialization. A number of new technologies are growing in the country's education system. This shows the direction of a comprehensive search in the field of knowledge, the transition to a large creative search. Transformations, innovations based on new technologies in the field of education, humanization, democratization, taking into account national characteristics, individualization and differentiation are becoming the main task of the pedagogical community. In the 80s of the twentieth century, groups of innovative teachers were formed in Russia, each of which has its own discoveries in teaching, upbringing and development of the child, which give the highest results. At the same time, they have common common features. It is possible to state the desire of innovative teachers to move the direction of the teaching position from authoritarian to democratic to humane, which especially emphasizes the simplification and activation of the ways of student's educational work, reading material through large blocks of cognitive activity, etc., which gave way to a new direction of pedagogical cooperation.

Түйін сөздер: білім беру, өркениет, жаңа технология, педагог, танымдық, мұғалімдер позициясы.

Негізгі бөлім

Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. ХХІ ғасыр- бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Кәсіптік оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты- білімгерлердің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқу программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Кәсіптік оқыту саласында компьютер білімгер үшін оқу құралы. Жаңа заман талабына сай білімді, бәсекеге қабілетті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген,

кәсіби біліктілікті жұмысшы мамандарды даярлауда кәсіптік оқытуды жетілдірудің, оның материалдық- техникалық базасын толық жаңартып отыру қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет. Осыған байланысты мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп жылда дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында білімгерлердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Білім берудегі технологиялардың халықаралық қоғамы (ISTE) – білім беруде технологияны пайдалануға мүдделі мұғалімдерге қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйым. ISTE оқытушылар мен білім беру көшбасшыларына кәсіби білім беруге қолдау көрсету үшін білім беру технологияларының ресурстарын ұсынады. ISTE сонымен қатар вебинарларды, онлайн курстарды, кеңес беру қызметтерін, кітаптарды және рецензияланған журналдар мен басылымдарды қоса алғанда, мүшелерге кәсіби оқу ресурстарының жиынтығын ұсынады. ISTE стандарттары олардың негізгі құрамдас бөліктерінің әртүрлі пән мұғалімдерінің қызмет салаларында қалай көрінетінін және одан әрі іске асырылуын көре алатындай етіп құрылымдалған оқушылардың оқу әрекеті.

ISTE стандарттары, бұрын Ұлттық білім беру технологиясының стандарттары (NETS), оқыту мен оқуда технологияны қолдану стандарттары болып табылады. ISTE студенттердің стандарттарының алғашқы нұсқасын 1998 жылы Ұлттық білім беру технологиялары стандарттары (NETS) деген атпен шығарды. Сол кезде стандарттар оқушылардың технологиялық дағдыларына бағытталған. 2007 жылы ISTE студенттердің стандарттарын қайта қарап, ISTE студенттерге арналған стандарттары ретінде қайта шығарды. Олардың назары сыныптағы технологияны интеграциялау болды. Сондай-ақ, 2018 жылы информатика мен STEM білімінің маңыздылығын және студенттердің есептер шығару дағдыларын түсіну үшін ISTE-дің есептеуіштік ойлау құзыреттіліктерін шығарды. 2019 жылдың маусым айында ISTE информатика мұғалімдеріне арналған ISTE стандарттарының жаңартылған нұсқасын шығарады.

Бүгінгі таңда студенттерге сөйлеуге және таңдауға мүмкіндік беру көптеген оқытушыларды қорқытады, бірақ ISTE студенттерді болашақ жетістікке дайындау үшін қажет деп санайды. Студенттердің өздері өкілеттік беруге дайын болмауы мүмкін, сондықтан оларға қолдау мен даму аса қажет, өйткені олар осы ақыл-ой мен эмоционалды "бұлшықеттерді" дамытуға

көмектеседі. Осы бағдарлама жүзеге асыру сандық құралдар арқылы оқушылардың мүмкіндіктерін жекелендіруден басталды, оқушылардың бастамасын қолдауға дейін және студенттерге қалай жұмыс істейтінін таңдауға және шеберліктерін көрсетуге мүмкіндік беретін әртүрлі тәсілдермен жалғасады. Студенттерге арналған ISTE стандарттары сонымен қатар, цифрлық дәуірде жұмыс істеу және өмір сүру үшін ұзақ уақыт қажет деп саналатын дағдыларды кеңейтеді. Бұл дағдыларға қарым-қатынас, шығармашылық, сыни ойлау және ынтымақтастық жатады. Қазір студенттерге арналған ISTE стандарттары болашақ мансапта, ең алдымен жобалау және есептеу ойлау процестерінде, проблемаларды шешу және осы екі салаға да тән шешім қабылдау туралы ойланумен бірге маңызды салаларға назар аударады.

Қорытындылай келе, білім берудегі технологиялардың халықаралық қоғамы оқушылар, студенттер, мұғалімдер үшін өте маңызды болып есептелінеді. Себебі, бұл жүйемен оқу өте тиімді. Студенттерге арналған ISTE стандарттары цифрлық дәуірдің дағдылары мен атрибуттарын тереңдетіп оқытуға негіз береді, ол технология арқылы күшейтіліп, тіпті өзгертіледі. Сондықтан да, білім беруде бұл жүйені пайдаланған әлдеқайда ұтымды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қолданбалы информатика» мамандығы бойынша студенттерге арналған оқу құралы \ авторлары: биология ғылымдарының кандидаты, доцент Волков Олег Инсанович, аға оқытушы Рафаэль Кашфиевич Камалетдинов. - Қазан: Қазан баспасы. Мәдениет және өнер университеті 2010 - 60 б.;
2. <https://kk.upwiki.one/> сайты;
3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.;
4. <http://edunews.kz/> сайты.